

**«ҚАЗПОЧТА» АҚ-НЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР КОМИТЕТІНІҢ
2021 ЖЫЛҒЫ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

**«Қазпочта» АҚ-ның Директорлар кеңесі
Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің
2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

1. «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің қызметін ұйымдастыру

Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті «Қазпочта» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесіне толықтай есеп береді және өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 қазандағы шешімімен бекітілген «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитеті туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті қызметінің мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру болып табылады.

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің міндеттері мынадай мәселелерді терең әрі мұқият қарап, Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру болып табылады:

1) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, олардың қызметін бағалау, сабақтастығын жоспарлау мәселелері, сондай-ақ тәуелсіз директор кандидаттарына берілетін сыйақы мөлшері жөніндегі ұсыныстар;

2) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Басқарма құрамының, Корпоративтік хатшы лауазымының және өзге де лауазымдардың кандидаттарын сайлау (тағайындау) мәселелері бойынша;

3) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға, сондай-ақ өзге де қызметкерлерге мотивациялық ТТК қою мәселелері бойынша;

4) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға және өзге де қызметкерлерге сыйақы беру және олардың сабақтастығын жоспарлау мәселелері бойынша;

5) Қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік және экологиялық мәселелері.

Қоғамның жарғысына сәйкес, Тағайындау және сыйақылар комитетінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің төрағасы Қоғамның тәуелсіз директоры Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros) болып табылады.

Тәуелсіз директор Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің төрағасы болатын практика Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасы болып табылады.

Комитеттің 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі құрамы:

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің құрамы (2021 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша)			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	-дан бастап Комитет мүшесі:
1	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің төрағасы - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2020 жылғы 28 қазаннан 2021 жылғы 28 қазанға дейін
2	Жандосов Ораз Әлиұлы	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар	2020 жылғы 28 қазаннан 2021

		комитетінің мүшесі - «Қазпочта» АҚ-ның аға тәуелсіз директоры;	жылғы 1 қыркүйекке дейін
3	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің мүшесі - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2020 жылғы 28 қазаннан 2021 жылғы 28 қазанға дейін

2021 жылғы 01 қыркүйекте Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 55-бабы 4-тармағында қарастырылған тәртіппен, Тәуелсіз директор Ораз Әлиұлы Жандосовтың өкілеттігі оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Бұдан әрі, «Қазпочта» АҚ Жалғыз акционерінің 2021 жылғы 28 қазандағы №49/21 шешімімен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

Осыған байланысты, 2021 жылғы 5 қарашада Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/21 хаттама) Комитеттің жаңа құрамы белгіленді.

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің құрамы 2021 жылғы 05 қарашадағы жағдай бойынша)			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	-дан бастап Комитет мүшесі:
1	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің төрағасы - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін
2	Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің мүшесі - «Қазпочта» АҚ-ның тәуелсіз директоры;	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Манкеев Мұхтар Наурызбайұлы	Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның өкілі;	2021 жылғы 5 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің сарапшысы, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Активтерді басқару дирекциясы «Коммуникациялар» секторының аға менеджері, Комитет жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал ететін қажетті кәсіби білімі бар, жоғары білікті маман болып табылатын А.М. Дағарованың жұмысын оңынан бағалайды.

2. «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің 2021 жылғы қызметі.

2020 жылғы 10 желтоқсанда Тағайындаулар және сыйақылар комитеті 2021 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекітті.

Есепті кезеңде Тағайындаулар және сыйақылар комитеті 9 бетпе-бет отырыс өткізді. Тағайындаулар және сыйақылар комитеті отырыстарының күн тәртібіне сәйкес 27 мәселе қаралды, қаралған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Есепті кезеңде Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды.

Кадр мәселелері бойынша

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті мынадай мәселелерді қарастырып, Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ Басқармасының кейбір мәселелері туралы (бірнеше рет);
- 2) «Қазпочта» АҚ-ның басшы қызметкерлері жұмысының Түйінді көрсеткіштерінің картасын және олардың 2021-2023 жылғы ұзақ мерзімді кезеңге арналған мақсатты мандерін бекіту туралы;
- 3) «Қазпочта» АҚ-ның Омбудсмені қызметінің 2021 жылға арналған Түйінді көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы;
- 4) «Қазпочта» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы Аппаратының кейбір мәселелері туралы: «Қазпочта» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы аппараты қызметкерлерінің 2020 жылғы, сондай-ақ 2021 жылғы бірінші, екінші және үшінші тоқсандардағы есебі мен нәтижелілік көрсеткіштері;
- 5) «Қазпочта» АҚ Корпоративтік хатшысы мен Корпоративтік хатшы аппараты қызметкерлерінің 2022 жылға арналған қызметінің Түйінді көрсеткіштер картасын бекіту туралы;
- 6) «Қазпочта» АҚ-ның басшы қызметкерлері жұмысының Түйінді көрсеткіштерінің картасын және олардың 2022 жылғы қысқа мерзімді кезеңге арналған мақсатты мандерін бекіту туралы;
- 7) «Қазпочта» АҚ-ның санын 2021 жылы оңтайландыру жөніндегі ақпаратты қарау туралы;
- 8) Орталық аппараттың ұйымдық құрылымын қарау, Орталық аппараттың жалпы санын бекіту, «Қазпочта» АҚ Басқарма Төрағасы орынбасары лауазымының сипаттамасы мен бағалануы, Басқарма мүшелерінің, «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы аппараты, Комплаенс-бақылау қызметі қызметкерлерінің, Омбудсменнің лауазымдық жалақыларының схемасы туралы;
- 9) «Қазпочта» АҚ Корпоративтік хатшысы Аппаратының кадр мәселесін қарау туралы.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті отырыстарының аясында Басқарушы директорлар-Басқарма мүшелері лауазымдарына кандидаттармен сұхбат жүргізілді және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы үшін тиісті ұсынымдар берілді.

Комитет өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға бірде-бір тұлғаның қатыспауын қамтамасыз етті.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті Қоғамның нарықтағы тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның басшыларға деген қажеттілігіне мезгіл-мезгіл талдау жүргізеді.

Сыйақы мәселелері бойынша

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті мынадай мәселелерді қарастырып, Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- 1) Омбудсмен лауазымының сипаттамасын, Омбудсмен лауазымын бағалауды, Басқарма мүшелерінің, «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы аппараты, Комплаенс-бақылау қызметі қызметкерлерінің, Омбудсменінің лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту туралы;
- 2) «Қазпочта» АҚ Басқарма мүшелерінің қызметін 2020 жылдың қорытындысы бойынша бағалау және оларға сыйақы беру туралы мәселені қарау туралы;
- 3) «Қазпочта» АҚ Орталық аппаратының қызметкерлерін талдау және грейдирлеу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелерін қарау туралы.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті бірде-бір тұлға өзінің сыйақысымен байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауын қамтамасыз етті.

Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Тағайындаулар және сыйақылар комитеті қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін қажетті төлемдердің мөлшерін айқындайды, сондай-ақ Комитет атқарушы органның ынталандыру жүйесіне, атап айтқанда ұзақ мерзімді құрамдас бөлікке үлкен көңіл бөледі.

Әлеуметтік мәселелер бойынша

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті мынадай мәселелерді қарастырып, Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ-ның 2020 жылғы әлеуметтік тұрақтылық рейтингі туралы ақпаратты қарау туралы;
- 2) «Қазпочта» АҚ Омбудсменінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша есебін қарау туралы;
- 3) «Қазпочта» АҚ Омбудсменінің 2021 жылға арналған ТТК картасын бекіту туралы;
- 4) 2021 жылғы үш, алты және тоғыз айдың қорытындылары бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалар және олардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар туралы ақпаратты қамтитын еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі есепті қарау туралы;
- 5) Қаржы-бөлшек бизнес департаментінің бас менеджері Ақжарқын Мырзабекқызы Жағыпароваға материалдық көмек көрсету туралы.

Директорлар кеңесі қызметінің мәселелері бойынша

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті мынадай мәселелерді қарастырып, Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің қызметі туралы;
- 2) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарын қарау туралы;
- 3) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- 4) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша есебін қарау туралы.

Тұрақты даму мәселелері бойынша Тағайындаулар және сыйақылар комитеті мынадай мәселелерді қарастырып, Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ-ның 2020 жылдың алты айының қорытындысы бойынша Тұрақты дамуы туралы есепті қарау туралы;
- 2) «Қазпочта» АҚ-ның 2020 жылғы Жылдық есебін бекіту туралы, сондай-ақ «Қазпочта» АҚ-ның тұрақты дамуының экологиялық бөлігі жөніндегі ақпаратты қарау туралы.

2-кесте. 2021 жылы Комитет отырыстарына қатысу

Тағайындау және сыйақылар комитеті мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы				
№	Т.А.Ә.	Барлық отырыстар (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros)	9	9	100
2	Жандосов Ораз Әлиұлы	6	6	100

3	Эшонкулов Назаралиевич	Бахтиёр	9	9	100
4	Манкеев Наурызбайұлы	Мұхтар	3	3	100

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің төрағасы Луис Мануэль Мартинс Рапосо де Медейрос (Luis Manuel Martins Raposo de Medeiros) «Қазпочта» АҚ Басқарма мүшелерімен, Омбудсменмен және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен бірқатар кездесулер өткізді.

3. Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің қызметін бағалау

Комитеттің 2021 жылғы қызметін бағалауды Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды Корпоративтік басқарудың диагностикасы аясында PWC компаниясы жүргізді.

2021 жылғы бағалау нәтижелері Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы отырысында қаралатын болады. Бағалау қорытындысы бойынша Комитет қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданады.

4. Қорытынды

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті 2021 жылы Комитет туралы Ережеге, сондай-ақ Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес мақсаттарын, тапсырмалары мен функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті өз отырыстарының күн тәртібінің барлық мәселелерін толық қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған, сараланған және жан-жақты ұсынымдар берді.

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті тағайындау мен сыйақы саясатының Қоғамның стратегиялық міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз етті.

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттырғанын және Қоғамның корпоративтік басқару рейтингісінің артуына оң әсер еткенін атап өткен жөн.